

ҰБТ тапсырмастан бұрын, яғни қазірден бастап қалаған мамандығың бойынша грант иелену мүмкіндігіңді анықта. Өз мүмкіндігіңді айқын бағалай білу арманыңдағы мамандықты таңдауға септігің тигізеді.

Ең қиын мамандық - адам боп қалу
Хосе Хулиан Марти

I. Алдымен мамандықты, соған сәйкес ҰБТ бойынша бесінші пәнді таңдауға кіріс.

Бұл ең сауатты шешім. Оқуға түсуді емес, бастысы кім болғың келетінін ойлан!

Мамандық таңдай алмау проблемасына келіп тоқталсаң, өзіңе мынадай сұрақтарға жауап беруге тырыс:

1. Маған немен айналысқан ұнайды?

2. Өзіңнің есейіп 25 жасқа келгеніңді елестет: Не істеп жүргеніңді... Қандай іс атқарып жатқаныңды... Атқарып жатқан жұмысың өзіңе ұнай ма? Жұмысың өзіңе немесе айналадағы адамдарға пайдасы бар ма? Осы сұрақтарға мұқият ойлан

Себебі мамандық таңдау - ол өмірлік таңдау. Өзіңнің қай салада қабілеттілігіңнің бар екенін 40 жасқа келгенде біліп, қайтадан мансабыңның іргетасын салмас үшін қазірден бастап дұрыс шешім қабылдаған жөн.

II. Қызықтырған мамандықтарыңның тізімін жаса.

ҰБТ бойынша мамандықтар тізімін ашып, бесінші пәнді есепке ала отырып қалаған мамандықтар тізімін жазып ал.

III. Таңдаған мамандықтар бойынша гранқа түсу өту баллдарын анықта.

Ол үшін 2021 жылғы грант тағайындау конкурсының нәтижелерін көр.

ҰБТ бойынша гранқа түсу баллдарын қалай анықтауға болады?:

1. 2021 жылғы грантқа түсу өту баллдарын жүкте.

2. Егер күндізгі бөлімде оқымақ болсаң "күндізгі бөлім" доументін аш.

Дәл сол тізімде жеңілдертері болмаған (Алтын Белгі иегерлері, олимпиада жеңімпаздары, спорт жарыстарының жеңімпаздары еместер) талапкерлердің өту баллдары көрсетілген. Сондықтан осы баллдарға қарап бір түйінге кел.

3. CNTRL+F функциясын қолданып қызықтырған мамандығыңды оңай тап.

Өз кестеңе қызықтырған мамандық бойынша ең миниалды және мақсималды өту баллдарын жазып ал.

Назар аударыңыз:

1. Әрбір мамандық қазақ және орыс бөлімдеріне бөлінеді сондықтан тілдік бөлімдер бойынша өту баллы өзгеше болуы мүмкін. Грант тілдік бөлімге сәйкес тағайындалады сол себепті де оқымақ болған тілдік бөлім бойынша өту баллдарын жазып ал.

2. Бір мамандық бойынша әр университетте әртүрлі өту балдары болуы мүмкін! Негізі өту балдарын барлық оқу орындарына бірдей қылып береді. Дегенмен өту балы жеке ЖОО бойынша берілуі де ықтимал. Ал егер де Қай ЖОО түсетініңді анықтап қойсаң және сол университетке жеке өту балдары көрсетілген болса, дәл сол балдарды жазып ал.

IV. Түйін шығар!

Міне енді жасаған кестеңнің пайдасы тиетін болады!

Грантқа түсу ықтималдығына талдау жасаңыз!

Енді сен грантқа түсу үшін ҰБТ байқау сынақтарында қанша балл алу керектігін білесің! Қолыңда карта болғанда қайда бару керегін жеңіл табуға болады.

Грантқа өтініш жазу барысында саған 4 мамандық таңдау мүмкіндігі беріледі. Қазірден бастап сол 4 мамандықты анықтап алуға тырыс.

1. Бірінші, жаныңа ең жақын мамандықты жаз. Ойыңдағы мамандық талап етілетін балдар байқау сынақтарында алған балдарыңнан жоғары болады.

2. Екінші, маңыздырақ болған мамандықты таңда, бірақ мамандықтың минималды өту баллы сенің балыңмен бірдей немесе сәл төмен болсын.

3. Үшінші, бұл тізімге 100 пайыз түсетін мамандықты жазуға тырыс. Сенің баладарың минималды өту балынан әлдеқайда жоғары болуы тиіс.

4. Төртінші, соңғы мамандықты үшінші тізім принципі бойынша таңда.

Егер сенде ауыл квотасын иелену құқығы бар болса, онда 3 және 4 тізімдегі мамандықтарды ауыл квотасы тізімінен таңда.

Минималды өту баллынан ҰБТ нәтижең жоғары болғаны сенің грантқа түсу мүмкіндігіңді арттырады.

Ал егер де "Алтын белгі" иегері болсаң, онда сенде қалаған мамандыққа түсу мүмкіндігі өте жоғары. Себебі ең алдымен гранттар "Алтын белгі" иегерлері арасында конкурсқа түседі.

Егер сен ҰБТ емтиханынан төмен балл алған болсаң, радиотехника, электроника және телекоммуникация секілді жоғары бәсекелестігі бар мамандықтарды таңдамағаның лазым. Ең дұрысы Құрылыс секілді грант көп бөлінетін мамандыққа тапсырғаның жөн.

V. Өзіңнің қалаған мамандығыңа жететін балл жинамағанша дайындал, ҰБТ сынақ тесттерін жаса....

Сәттілік!

Мамандығыңыз темпераментіңізге сай ма?

"Ағашта қанша жапырақ болса, адамда сонша мінез" бар дейміз.

Темперамент - жүйке жүйесінің тума қасиеттерінен туындайтын адамның жеке өзгешелігі.

Адамның қандай темпераментке жататыны балалық шақтан-ақ белгілі болады. Темперамент табиғаттан беріледі. Дегенмен, адам есейген сайын, қоршаған ортаға деген қарым-қатынас та күрделене береді. Бәрі әркімнің ортаны қалай қабылдауына, дүниені қалай тануына байланысты. Ашық мінезді адамның өсе келе тұйықталып кетуі, керісінше, тұйық адамның ашылуы өмірде кездесетін құбылыс.

Темпераменттің төрт түрі белгілі. Біз бүгін темперамент түрлері мен оларға қандай мамандық жарасатыны туралы әңгімелейміз.

Сангвиник - ашық, көпшіл, сөзшең, қайырымды, жаны жомарт, оптимист, өмірге құштар, қуатты адам. Басшылық етуге, жетекшілікке құмар.

Сангвиник адам эмоциясын ішінде ұстап қала алмайды, қандай жағдайда да,

әсерін сыртқы ортамен бөлісе береді. Олар жұрттың назарын өздеріне аударта алатын белсенді жандар.

Сангвиниктер менеджер, мұғалім, дәрігер, психолог, тәрбиеші, ұйымдастырушы, сатушы, даяшы, инженер-технолог т.б. мамандықтарды иелене алады.

Флегматик - өте сақ, ұяң, байсалды, сенімді, тұрақты, салқынқанды, жұртқа жақсылық тілеумен жүретін адам. Бастаған ісін аяғына жеткізбей тастап кетпейтін флегматиктер іске келгенде өте мұқият. Адамдармен қарым-қатынас жасағанда, мінездері тұрақты, біркелкі.

Флегматиктер механик, электрик, инженер, агроном, жүргізуші, ғылыми – ботаник, астроном, физик, математик т.б. мамандық иелері бола алады.

Холерик - ұшып-қонып тұратын, күйгелек, шамданғыш, тынымсыз, көңіл-күйі құбылмалы, қарым-қатынас жасағанда мінезі аумалы-төкпелі, тұрақсыз, пысық, ашуланшақ адам. Қолына алған жұмысы өнбей жатса, күйіп-пісіп, жылдам ашуланады.

Холериктерге әртіс, дипломат, журналист, кәсіпкер, хирург, ұшқыш, диспетчер, жүргізуші, тренер, менеджер, құрылысшы, режиссер, аспазшы, геолог, электрик т.б. мамандықтар жарасады.

Меланхолик - өкпелегіш, пессимист, тұйық, сөзге сараң, аса баяу қозғалатын, ұялшақ, қыңыр, жайбасар, қисық адам. Кез келген қоршаған ортада болып жатқан құбылыстарға бей-жай қарап, сезімін үнемі ішінде сақтап жүреді. Жаңа таныстық пен адамдар көп жиналған жерден қашқақтайды. Жалғыздықты сүйеді.

Меланхоликтерге педагог, суретші, тігінші-модельер, бояушы, сазгер, жазушы, мал дәрігері, геолог, агроном, зоотехник, есепші, радиомеханик т.б. мамандықтар сай келеді.

Сіз қандай темпераментке жатасыз? Темпераментіңізге мамандығыңыз сай келе ме?

Әлемдегі ең қауіпті 8 мамандық

Ең қиын мамандық - адам боп қалу
Хосе Хулиан Марти

Бастарын бәйгеге тігіп, сын сағатта біреуді құтқарам деп өз өмірін құрбан қылған адамдар аз емес. Бүгінгі әңгіmemіз әлем бойынша ең қауіпті деп танылған мамандықтар туралы болмақ.

1. Орман балташысы. Бұл жұмыс биіктікпен байланысты, оған қоса электронды ара және ағаш дайындайтын техникалармен жұмыс істеуге тура келеді. Статистикаға көз жүгіртер болсақ, 2008 жылы осы салада жұмыс істейтін 116 адам қаза тапқан.
2. Шахтер. Жыл сайын жұмыс кезінде орта есеппен алғанда 50-60 шахтер қаза болады. Мұндай жағдайлар көбіне көмір шығару кезінде болатын жердің опырылуынан және де газ бен метанға уланудың әсерінен болып жатады.
3. Өрт сөндіруші. Өрт сөндірушілердің қажырлы дайындықтан өтіп, төтенше жағдайлардың алдын алу жолдарын үйренгендеріне қарамастан, түрлі жарақаттар алу мен апатқа ұшырау мүмкіндіктері өте жоғары.
4. Көп қабатты ғимараттардың терезелерін жуушы. Бұл өте қауіпті іс және терезе жуушылар міндетті түрде арнайы дайындықтан өтулері қажет.
5. Биіктікте жұмыс істейтін электрмонтажшылар. Өте сирек кездесетін мамандық. Біле білсеңіздер, мұндай жоғары вольтті линиялардағы жұмыстардың көбі жалаңаш қолмен атқарылады.
6. Сапер. 1996-2002 жылдар аралығында минасыздандыру жұмыстары кезінде 500-ден аса адам қаза тапқан.
7. Мұнай ұңғыларын бұрғылау. Аталған мамандық әркімнің қолынан келе бермейді. Себебі тәулігіне 12 сағат жанғыштық қасиетімен ерекшеленетін материалдармен жұмыс істеу өте қауіпті. Бұған қоса, бұрғылаушылар жағалаудан жүздеген километр қашықтықта, өркениеттен аулақ дерлік жерде жұмыс істейді.
8. Жаға күзеті және құтқару қызметі. Су апаттарымен күресе жүріп, адамдарды аман сақтап алатын құтқарушылар күн сайын тәуекелге барады.

Мамандық таңдау - өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалау

Ең қиын мамандық - адам боп қалу
Хосе Хулиан Марти

Мамандық таңдаудың оңай жұмыс еместігін, мамандықты темпераментке сай таңдау керектігін, тіпті, әлемдегі ең қауіпті мамандық тізімін де айтып өттік. Қазір мектеп түлектері ҰБТ сынағын бітіріп, оқу орны мен мамандықтарын қызу таңдау үстінде болар. Біздің бүгінгі әңгімеміз мамандық таңдауда ойланып жүрген түлектерге ғана емес, жұмысы бар маман иелеріне де қатысты.

Мамандық таңдау деген өзің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзің араласқың келетін ортаны да таңдау. Қазақ "Адам екі түрлі жағдайда қателеспеу керек: бірі - жар таңдағанда, екіншісі - мамандық таңдағанда" деп бекер айтпаса керек.

"Мамандық" сөзі латын сөзінен шыққан, "жұрт алдында сөйлеу, жариялау" дегенге саяды. Есте жоқ ескі заманда мамандықтың қазіргідей түр-түрі болмады. Әр адам барлық жұмыспен өзі ғана айналысатын. Дегенмен, әйелдер мен ерлерге деп бөлінетін жұмыстар болған. Ерлер аң аулап, үй тұрғызып, қару-жарақ жасаса, әйелдер жеуге жарамды өсімдіктерді жинап, тамақ пісірген, киім-кешек тігіп, бала тәрбиелеген.

Заман өзгерген сайын, адам да жетіліп, нарықтық қарым-қатынас пайда болды. Қоғам дамып, дүниеге түрлі жұмыстар, сәйкесінше, түрлі мамандықтар келді.

Кез келген еңбек мамандық емес. Еңбектің мамандық деп аталуының өзіндік шарттары бар: бірі - маман атануыңыз үшін білім алып, қолыңызға сол саланың дипломын, куәлігін, аттестаты не сертификатын алуыңыз керек болса, екіншісі - еңбегіңізге ақының төлені қажеттілігі.

Өз ісінің нағыз маманы атану екінің бірінің еншісіне бұйырмаған. Ол үшін ең алдымен мамандығыңызға деген махаббат керек. Мамандыққа деген махаббат пен карьерист болу екеуі біздіңше екі бөлек нәрсе. Махаббатпен істелген жұмыс қана нәтиже бермек. Екінші сөзбен айтқанда, мамандығыңыз сіздің сүйікті ісіңізге айналуы қажет. Бұл жағдайда адам жұмысқа ерекше құлшыныспен кірісіп, жұмысынан ләззат алады.

Өз жаныңызға жақын мамандықты іздеп табу да барынша күрделі жұмыс. Өз қалауыңызды білесіз, бірақ мамандығыңыздың қалай аталатынын білмейсіз. Бұндай жағдайда психолог-профконсультант (мектеп психологтары), мектеп мұғалімдері, оқу орындарының оқытушылары, ата-анаңыз, туған-туыстарыңыздың көмектеріне жүгінгеніңіз жөн. Дегенмен, [Массагет.кз](http://Massaget.kz) сайты ең алдымен жүрегіңіздің үнін тыңдауыңызға кеңес береді.

Қазір сауда-саттықтың жүріп тұрған заманы болғандықтан, көптеген мамандықтар осының төңірегінде деуге болады. Агенттер мен менеджер мамандықтары сұранысқа ие десек, артық айтпаймыз. Мысалы, коммерциялық агент, жарнамалық агент, туристік агент, финанстық менеджер, сауда-саттық менеджері, жоба менеджері, кеңсе менеджері т.б.

Әлемде өзі қаламайтын мамандық иесі болып жүрген қаншама адам бар, өз жұмысын жанымен сүйіп істейтін адамдардың да саны аз емес. Мамандық таңдаудан жаңылмай, өз өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалауыңызға тілектеспіз.

Мектептегі кәсіби бағдар беру жұмыстары: мазмұны мен ынталандыру әдістері

Әлемдік білім беру кеңістігіне бағытталған білім берудің негізгі мақсаты білімді меңгеріп қана қоймай, білік пен дағды арқылы дербестік,

ізденімпаздық, дені сау, өзгермелі жағдайда білімді де білікті жасөспірімдерді жан-жақты жеке тұлға ретінде даярлау. Осы мақсаттарды іске асыруда бүгінгі мектеп оқушыларына қойылып отырған мәселелер күн сайын талаптануда. Өйткені келешек қоғамымыздың басты тұлғасы бүгінгі мектеп оқушылары. Сондықтан мектепте берілетін кәсіби бағдар жұмыстарының бүгінгі күні маңызы зор болып табылады. Жалпы білімнің басты үш міндеті бар олар: баланың өзіндік жалпы дамуын, жан-жақты дүниетанымын қамтамасыз ету, және оны болашақ белгілі бір кәсіпке даярлау. Осы үш міндеттің ішінде қоғамдық даму күрделенген сайын баланы жастай алдағы кәсіпке бағдарлай әзірлеу – ең көкейкесті мәселеге айналып отырғаны дәлелденді. Қазіргі кезеңде жалпы білімнің міндеті – баланың жалпылама дамуын қамтамасыз ету ғана емес, ең бастысы оларды жастай өз қабілеті мен қызығуына қарай белгілі бір мамандыққа арнайы бағыттау білу. Кәсіпке баулу – бұл әрбір жеке тұлғаның ерекшеліктерін және халық шаруашылығына, жеке салаларға қажетті сұранысы бар мамандықтарды ескере отырып жастарды еркін және өзіндік мамандық таңдауға дайындаудың ғылыми негізделген жүйесі.

Кәсіби бағдар беру — жас ұрпақты өзіне ұнаған тиісті мамандықты саналы талдап алуға дайындауға бағытталған іс-әрекеті. Кәсіби бағдар беру арқылы оқушыларды мамандықтар әлемінде, олардың мазмұны, ерекшеліктері, жеке тұлғаға қоятын талаптарын өз бойындағы қасиеттерімен ұштастырып, өндіріс, шаруашылық салаларының даму міндеттеріне, оның нарықтық экономика жағдайындағы рөліне сай саналы таңдалып алынған мамандыққа мүдделілігін тәрбиелеуді қажет етеді. Мамандықты саналы таңдауда адамның қабілеттілігінің қалыптасуының да үлкен маңызы бар. Ол адамның психологиялық санасының қалыптасуына байланысты. Олар: қабілеттілік, қызығушылық, бағыттың құндылығы, кәсіптік жоспар, идеялы, сенімі, т.б. Мамандық туралы жеткіліксіз білу — мамандық таңдауда кездейсоқтыққа әкеліп соқтырады. Мамандық таңдауда қателесу сайып келгенде, таңдаған мамандығын жек көріп, жұмыссыз қалып қалуға себепші болады. Мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі міндеттері төмендегідей:

- оқушыларды көпшілік мамандықтар туралы түсінікпен қаруландыру;
- кәсіптік қызығуы мен бейімділігін, қабілеттілігін қалыптастыру және дамыту мақсатында оқушылардың дара ерекшеліктерін зерттеу;
- мектеп бітірушілерге мамандық таңдауға көмектесу;

— оқушыларды белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеу.

Бүгінгі күні мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмыстары қайтадан жандана бастады. Біз жоғарыда атап өтілген кезеңдерді талдай отырып, кәсіби бағдар беру жұмыстарының маңызын үлкен сұранысқа ие болуда деп білеміз.

Профориентация немесе кәсіптік бағдар беру деген не?

Профориентация деген не және оның маңызы қандай? Елімізде қандай мамандар сұранысқа ие? Алдағы 10-15 жылда қандай салалар қарқынды дамиды? Varibar.kz тілшісі осы жөнінде тарқатып жазды.

Кәсіптік бағдар беру (профориентация) – қоғам тенденциясы мен қажетін ескеріп, оқушылар мен жастарға [мамандық таңдауға көмектесу](#). Қазақстандағы мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар берудің халықаралық қауымдастығы қамқоршылық кеңесінің төрағасы Саясат Нұрбектің айтуына қарағанда, дүниежүзінде оқушылар мен өз саласын іздеп жүрген адамдарға кәсіби бағдар беру бағыты бұрыннан қалыптасқан.



Саясат Нұрбек. Фото: Weproject.media

“Ежелгі Мысырда діни қызметкерлер мен хатшылар қолөнершілер мен ұсталарды таңдағанда жазбалар мен есептеулер іріктеуіне баса назар аударған. Пифагор да дәл осындай іріктеуден өтіп, кейін бұл жүйені өз мектебіне енгізді. Кәсіби бағдар беру өткен ғасырдың 20-жылдарында дами бастады. 20-ғасырдың басы өнеркәсіп өндірісінің қарқынды өсуімен және соғыстан кейінгі жұмыссыздық кезеңімен ерекшеленді. 1940-50 жылдары жаһандық «тестология бумы» дәуірінде адам қабілетін тестілеу арқылы анықтау танымал болды. 1970 жылдардан бастап «тәуелсіз таңдау жасау қабілетін тәрбиелеу» және «сынақ тәуелділігімен күресуге» мән берілді. Цифрлық платформалар 2000 жылдардан бастап пайда болды”, — дейді ол.

Саясат Нұрбек мемлекеттердің көбінде профориентация бастауыш мектепте басталатынын айтады. Мысалы, АҚШ-та, Жапонияда,

Финляндияда, Канадада профориентацияны оқу процесіне біріктірсе, Германияда кәсіптік бағдар берудің жол картасы мектеп оқушыларына мамандық таңдаудың барлық кезеңінде қолдау көрсетеді екен. Ал Қазақстанда тапшы мамандар туралы ақпарат аз.

Бұл елдерде профориентация мен жұмыспен қамту — білім жүйесінің негізгі бөлігінің бірі. Ал біздің елімізде оқушылар арасында профориентация жұмысы тек колледждер мен университеттер мектеп-мектепті аралап, өз оқу орнын жарнамалағанда ғана жүреді. Оқушыларға кәсіптік бағдар беру жүйесі дұрыс қалыптаспауы елдегі нарық жүйесін бұзады, кей мамандық тапшы болады және белгілі бір сала мамандарының профициті байқалады. Сонымен бірге білігі төмен жұмыс күші көбейеді. Осыған байланысты мемлекетте қажет кадрларды болжауға, мектеп түлектері мен олардың отбасына болашақ мамандығын неғұрлым саналы таңдауға мүмкіндік беретін жаппай, қарапайым қолданбалы құралдар қажет, — дейді ол.

Қазақстанға қандай мамандар қажет?

Қазір Қазақстанда да кәсіптік бағдар беру қолға алыныпты. [Жаңа мамандықтар](#) атласы жасалған. Атлас — алдағы 10-15 жылда преспективасы жоғары салалар мен кәсіптердің болжам картасы. Маманның сөзінше, атлас оқушыларға, ата-аналарға, педагогтарға көмекші құрал бола алады.

Атлас бізге қай саланың белсенді дамып жатқанын, қандай жаңа технологиялар, өнімдер, басқару тәжірибесі туатынын және жұмыс берушілер қандай жаңа мамандарды қажет ететінін түсінуге көмектеседі. Біздің компания Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі және басқа да мүдделі министрліктерімен бірге 9 басым сектор бойынша жаңа кәсіп атласын әзірледі: тау-металлургиясы, мұнай-газ, ауыл шаруашылығы, көлік және логистика, көлік құрылысы, ақпараттық коммуникация технологиясы, энергетика, туризм, құрылыс, яғни осы салалар қазір өзекті, — дейді Саясат Нұрбек.

Спикеріміз пандемия кезінде кәсіптік бағдар беруге көмектесетін жобалардың маңызы зор екенін айтады. Себебі карантин уақытында еңбек нарығы күрт өзгерген.

Пандемия қашықтан жұмыс, аутсорсинг, аутстаффинг басым болатынын көрсетті. Цифрлы технологияда 3D модельдеу және ұшқышсыз ұшу аппаратының операторы сияқты түрлі мамандық түрі пайда болады. Ал бұрыннан бар мамандықтарға жаңа талап қойылып жатыр. Мысалы, төртінші тоқсанда [педагогтың](#) бәріне цифрлық сауаттылығын арттыру қажет болды. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстанда профориентацияны қалыптастыру керек, — дейді ол.



Ұлан Үсенов. Фото жеке архивінен

Қазақстанда «Атлас» картасымен қоса, Edunavigator.kz кәсіптік бағдар беру платформасы жұмыс істейді. Негізгі мақсаты — баланың қызығушылығын анықтап, мамандық таңдауына көмек беру. TikTok-та [@Wanna be teacher](#) лақап атымен танымал химия пәнінің мұғалімі Ұлан Үсенов те профориентацияның маңызын айтты. Оның сөзінше, мектеп оқушысының көбі қай бағытта жұмыс істегісі келетінін білмейді. Сол себепті мамандық таңдау кезінде қиындыққа тап болады.

Бұл мәселенің шешімі — дұрыс кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізу. Сондықтан әр мектепте кем дегенде бір профориентатор жұмыс істеуге тиіс. Ол баламен тікелей байланыс орнатып, түрлі тестінің көмегімен әлсіз және мықты тұстарын анықтауына сеп бола алады, — дейді Ұлан.

Үенлік лақап атымен танымал Еңлік Құрарбек те кәсіптік бағдар беруге назар аудару керек дейді. Тіпті, бұл мәселе әншінің жақында шығатын жаңа видеоклипіннің тақырыбына арқау болған.



Әнші Еңлік Құрарбек. Фото жеке архивінен

«Қазір балалар интернетте, түрлі әлеуметтік желіде отырады. Оқушының назары сан-саққа кетеді, «Болашақта немен айналысамын?», «Қайда оқуға түсемін?» деген сұрақтардың жауабын табуға қиналады. Осындай мәселені болдырмау үшін профориентацияны қолға алған жөн. Мәселен, оқушылар 7, 9-классты бітірген соң профориентация бойынша тест тапсырып, өз қабілетін тани алса деймін. Тіпті, жоғары класстарға кәсіптік бағдар беру пәні қосылса жақсы болар еді», — дейді әнші.

Әншінің видеоклипі Jaiq коммерциялық емес ұйымының бастамасымен түсірілген. Ұйым мәдени, әлеуметтік, ғылыми салада түрлі жобаны іске асырумен айналысады. Олардың айтуынша, мюзиклдің мақсаты — Edunavigator.kz және әнші Үенлік-пен бірігіп мамандық таңдау мәселесіне назар аударту.

Психологиялық кеңес

Құрметті дос!

Сен өз келешегіңді таңдау алдында тұрсың!

Осы жолды бастар алдындағы ең маңызды міндетің-ігілікті өмір сүру үшін қаржы тауып қана қоймай, бастысы өз қабілетіңді, қызығушылығың мен шығармашылық әл-қуатыңды іске асыра алатын болашақ мамандығыңды таңдау болып табылады. Ол үшін сен әуелі кәсіби білім таңдап, оны меңгеріп шығуың керек. Кісәби білімсіз шектеулі қызмет аясынан шығалмай, беделді әрі жоғары ақылы жұмысқа қол жеткізе алмайсың. Мамандық таңдауға қажеттілік деп қарамай, жаңа қызықты өмір кезеңінің басталуы деп қабылдау керек.

Жұмыс пен оның аясындағы тіршіліктің барлығы адам ғұмырының тең жартысын алады екен!

Адамның өз мамандығына қаншалықты қанағаттануы мен өз өміріне қаншалықты риза екендігінің арасында тікелей байланыс бар. Бір жағынан, *кәсіп таңдау-болашаққа үңілу* болса, екінші жағынан, *ол-өзінің ішкі жан-дүниесіне үңілу*, яғни, менің мықты және әлсіз жақтарым, мен не істей аламын, табысқа жету үшін маған не қажет деген сауалдарға жауабың.

Адамның кәсіби өзін табу бағдарына көптеген факторлар әсер етеді, соның ішіндегі ең маңыздылары:

- мамандық және оның қажеттілігі туралы білу;
- бейімділіктер (қызығушылық, еңбек түрткісі, ынтасы);
- қабілеттер, денсаулық (ішкі мүмкіндіктер мен шектеулер);
- ықылас деңгейі мен өзін-өзі бағалау;
- ата-ананың, отбасының көзқарасы;
- құрбы-достарының көзқарасы;
- мұғалімдер мен мамандардың көзқарасы;
- жеке кәсіби жоспар-адамның кәсіби салада неге және қалай жету керектігі жөніндегі пайымдар жүйесі.

Сондықтан, ең алдымен қызықтыратын мамандықты анықтап алып, содан кейін ғана оны игеруге қажет білім деңгейі туралы ойлану керек. Ал оқу орнын таңдау мәселесі-ең соңғы кезең болып табылады.

Өз болашағыңды анықтауда мынадай ережелерді ұстан:

1. Алдағы өмірлік жоспарың қандай болмасын, шетел тілін үйреніп, компьютерде жұмыс істедуді игерген аса пайдалы.

2. Сән қуып, мамандық таңдаудың қажеті жоқ. Сен оқуыңды тәмамдап, жұмыс істегенше, ол мамандық сәннен шығып қалуы мүмкін.

3. Заманауи ағымға қарай кейбір мамандықтар тез ескіріп, оның орнын басқа мамандықтар басып жатыр. Сондықтан кез келген жағдайда қосалқы таңдаған мамандығың болуы қажет.

4.Өзің таңдаған мамандығыңның мазмұны, қызықты қырлары, жұмыс тәртібі мен жағдайы, кәсіби өсу мүмкіндігі туралы сұраққа жауап бере алғанда ғана сенің мамандық таңдаудағы ой-ниетің салмақтана түспек.

5. Мамандық таңдауда оның сырт келбетіне, көңілге қонымды жақтарына ғана назар аударудың қажеті жоқ, мүмкіндігінше қалаған мамандығыңның жұмыс мазмұны жөнінде көбірек білуге тырыс.

6.Мамандық таңдауға байланысты сені, сенің қалаған мамандығыңды толық білмейтін адамдардың ақыл-кеңесіне құлақ салудың қажеті шамалы.

7.Өзіңмен алдын ала психологиялық жұмыс жүргізбей-ақ, нық қадам жасай беруге болатын бірде-бір мамандықтың жоқ екендігін есінде сақта!

Әр адамның өзіндік құрылымдық ерекшеліктері бар, дегенмен қатып қалған заңдылық жоқ болғандықтан, уақыт өте келе олар да өзгеретіні сөзсіз. Даму ерекшеліктерінің психологиялық көрсеткіштерінің «затқа айналуы» және бейімдік тест болашақ мамандыққа дайындық жасауға және өз қабілеттерінің құрылымы, дамуындағы түзетуді қажет ететін кейбір кемшіліктерді дер кезінде көруге мүмкіндік береді.

Өзін табу-одан қысқажолжоқ,

Өзінтабу-оданұзынжолжоқ.

Өзін табу-өз бойыңда қайнар көзін ашу,

Өзінтабу-одандакүштіболу. (Ю. Энтин)

Осы сөздердің мағынасын қалай түсінесіңдер?

Әлемде 40 мыңдай әртүрлі мамандықтар бар. Жыл сайын 25 млн. адам жұмыс орнын ауыстырды,оның 12 %жұмысына қайта оралады. Мұндай статистикаға қарағанда, мамандықты таңдағанда саналы түрде ойланып, өзінді сырттай бақылап, өзіңнің қабілеттеріңді, қызығушылықтарың мен бейімің, мінезің мен темпераментің туралы нақты хабардар болу қажет.

Жанардағы отыңыз сөнбесін...

Осыдан біраз жыл бұрын АҚШ университеттерінің бірінде студенттердің бітіру кешіне белгілі бизнесменді сөз сөйлеу үшін шақырған. Сонда кездесуге екі сағат кешігіп келген бизнесмен мінберге шығып, сөз сөйлеудің орнына 3 минуттық сөз айтып, шығып кетіп қалған екен. Ұйымдастырушылар мұндай жағдайдың не себепті орын алғанын түсінбей қалады. Бірнеше сағат бойы бітіруші түлектерге өзінің кеңестерін, ақылын айтады деп ойлаған олар, шын мәнінде, абдырап қалған.

Сондағы бизнесменнің айтқан сөздері мынадай болған: «Сендер, түлектер, бүгін университет бітіріп қолдарыңа диплом алып жатырсыңдар. Сендер үшін барлығы тамаша. Әрқайсысыңның әке-шешелерің алып берген көліктерің бар. Дайын тұрған жұмыстарың бар. Еш уайымдарың жоқ. Бірақ мен сендерге шындықты айтқым келеді. Бұл жұмыс арқылы сендер бар болғаны жылына 100 мың доллар табуларың мүмкін. Ал мен үшін бұл ақша түк емес. Мен – бизнесменмін. Бүгін сендерге қарап ешбіріңнің көздеріңнен жанып тұрған отты көріп тұрған жоқпын. Ал жанардағы отсыз сендер – ешкім емессіңдер!» – деп кетіп қалған екен.

Бірнеше жыл өтіп, бұл жағдай ұмытылған соң, әлгі университет басшылығы зерттеу жүргізіп көрмек болады. Университетті бітірген студенттердің қай легінің әлеуметтік жағдайы жоғары екенін салыстырмақшы болған. Нәтижесінде бітіру кешінде сөз сөйлеген студенттер ерекше өсім көрсеткен. Олардың мұндай көрсеткішке жетудегі себебін анықтау қиынға түседі. Осы уақыт аралығында ешқандай мұғалімдер мен ұстаздар ауыспағанын, университет жүйесінде ешбір өзгерістер болмағанын ескере отырып, сол жылы сөз сөйлеген әлгі бизнесменді еске алады. Сонда университет басшылығы шақырылған бизнесменнің 3 минуттық сөзі аталған студенттерге жақсы әсер еткенін түсінген.

Сонда әлгі бизнесмен соншалықты не айтты дейсіз ғой? Ол – студенттердің жанарында от жақты.

Жетістікке жету үшін көкірек пен жанардағы оттың болуының қаншалықты маңызды екенін дәлелдеді.

Шын мәнінде, жетістікке жетіп, мотивацияны жоғалтпау үшін жанардағы отты жаға білу керек және оны сөндіріп алмау қажет.